

Педагог-психологтың 2021-2022 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстары бойынша жылдық талдамалық ЕСЕБІ

2020-2021 оқу жылында анықталған кемшіліктер және қиындық тудырған мәселелер негізінде педагогикалық-психологиялық қызметті ұйымдастыру. 2015 жылғы 24 сәуірдегі Астана қаласының орта білім беру ұйымдарында психологиялық жұмыс істеу қағидасына сәйкес Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында:

2021-2022 оқу жылының басында білім беру жүйесінде психологиялық жұмыстарды жүргізу барысында іс-әрекеттің 5 бағыты бойынша оқу бағдарламасы, интернет желісі, №121 бұйрық бойынша жылдық жоспар құрылды. Жоспар бойынша, психологиялық анықтау жұмысын жүргізу мақсатында мектептегі әр сыныптың оқушыларының тәуекел тобы критерийлері тізімдерін жинақтап, педагогикалық ұжымның тізімдері алынып, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу іс-шаралары және психологиялық қолдау тобы оқушылары анықталды.

2020-2021 оқу жылындағы орын алған кемшіліктерді талқылай отырып, келесі 2021-2022 оқу жылына мынадай басымдық шықты:

Мектепте қолайлы әлеуметтік-психологиялық ауан құру және оқу процесіне оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ету барысында ,педагог,ата-ана ұжымдарын өзара байланысын орнату арқылы қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

SMART- МАҚСАТ қойдық:

- S- қашықтан оқу процесінде оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға жағдай жасау; Мектепте қолайлы әлеуметтік-психологиялық ауан құру;
- M- Жаңа форматтағы бағалау жағдайында (қалыптастырушы бағалау) оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру;
- A- Киберқауіпсіздікті сақтай отырып педагог,ата-ана ұжымдарын өзара байланысын орнату,коучинг,семинарлар арқылы тиімді әрекетті ұйымдастыруға кеңестер берілді;
- R – Қашықтан білім алу жағдайында оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау;
- T- Оқу жылы бастапқы кезеңі және жыл соңындағы салыстырмалы психодиагностикалық анализ негізінде;

2021-2022 оқу жылына мынадай міндеттер қойылды:

- Білім алушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу , өзін-өзі дамыту және табысты әлеуметтендіру қабілетін қалыптастыру;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау және мінез-құлықтың алдын алу жұмысын күшейту;
- Аталған оқушыларды ПМПК комиссиясына жіберу. Сынып жетекшісімен біріге ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- Мектептің психологиялық қызметінің жемісті қызметіне мектептің барлық педагогикалық құрамын белсенді тарту;
- Білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру барысында бірлескен жұмыстар жүргізу;
- Психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жалғастыру;
- Үш ұжымды өзара тығыз байланысқа шақыру ,әрекеттесу әлсіз болды. т.б

1. ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ БАҒЫТ

Зерттеу қорытындысы бойынша

Мектепте қолайлы әлеуметтік-психологиялық ауан құру және оқу процесіне оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ету барысында 1-сынып оқушылардың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау мақсатында «Ағаштағы адамдар» тесті алынды. Мақсаты: оқушының болмысын, оның эмоционалдық жай-күйін, сыныптағы орнын анықтау.

Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жан- жақты дамуына, әлеуметтік ортаға, мектепке, мұғаліміне бейімделуіне, жағдай жасалды.


Жалпы оқушылардың психоэмоционалды жағдайын анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді. 1 «А» сынып білім алушыларының оның эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын анықтау 100 %, 1 «Б» сынып білім алушыларының оның эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын анықтау 100 %, 1 «В» сынып білім алушыларының оның эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын анықтау қалыпты 96 % және төмен 4 % көрсеткіш анықталды. Аталған сұрақтарда ата-аналарға кеңестер ұсынылды.

5-сынып білім алушыларына диагностика жүргізу
«Лусканов сауалнамасы»

Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында сұраныс білдірген және аттестациядан өтуші мұғалімдермен аттестациядан өту барысындағы психологиялық қалып күйін, дайындық деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама жүргізілді. *Сауалнама сипаты*

1. Сіз алдағы өтетін аттестацияға дайындығыңызды қаншалықты бағалайсыз?
2. Аттестацияға дайындық барысында қандай қолдауды қажет етесіз? (психологиялық, достық, түсінушілік, отбасы тарапынан)
3. Аттестация алдында сіз не сезінудесіз?
4. Аттестацияға дайындық барысында сіздің жұмыс кестесінің қандай болғаны жағымды?
5. Сауалнама толтырғаннан кейінгі өз көңіл-күйіңізбен бөлісе отырыңыз?

11-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру іс-шаралары жүргізілді. «Сенімділік», «Сәттілікке апарар 7 қадам», «ҰБТ-ға психологиялық дайындық» т.б тақырыптарында балалармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Жадынама ұсынылды «Емтихандағы мінез-құлық» тақырыбында.



Әлеуметтік тип- Абдрахманов Темірхан, Айткалиева Диана, Амантаева Диана, Ибраева Каршыга, Кенжебай Дінмұхаммед, Кудрявцова Карина, Кушугулова Аигерим, Қадырхан Әділет, Мухан Назым, Махсетбай Жасмин.

Интеллектуалдық тип - Архарбекова Гулдана, Архипова Зарина, Жакупова Аида, Марков Нұржан, Оркенқызы Аяулым, Турапбаева Зарина, Жолдибаева Гүлназ.

Конвенциалдық тип- Абдрахманова Шаһризада, Баймағамбетова Аружан, Кенкозов Бекзат, Махсетбай Жасмин, Нурмухаметов Алибек.

Тапқыр тип- Абдрахманова Шаһризада, Джунусова Адема, Қалкузова Ақсұңқар, Молдағалиев Даниель, Өміржан Дәурен, Тухтасинова Диана.

Әртістік тип- Баймағамбетова Аружан, Қалкузова Ақсұңқар, Мусабеева Гульфаруз, Оркенқызы Аяулым, Өміржан Дәурен, Турапбаева Зарина.

Қорытынды: Жүргізілген диагностикалар нәтижесінде 1 «В» сыныбы ұжымында қолдауды қажет етуші 4 оқушы анықталды. 5-сыныптардағы зерттеулер негізінде бейімделу барысында қолдауды қажет етуші топтар анықталып, түзету-дамыту тренингтері ұйымдастырылды. Зерттеу қатарында социометрия әдісі жүргізіліп, сыныпта 1 оқушы

Бекұлы Жанерке оқшауланған типте анықталды. 11-сынып оқушыларына жоспар негізінде кәсіби бағдар бағыттарына таңдау жасалып, түсіндірме жүргізілді. Амалтея диагностикалық кешені бойынша оқушылар зерттеуден өтті.

Зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар ұсыну:


- 1) Алынған нәтижелерді сынып жетекшісі мен ата-аналар назарына ұсыну;
- 2) Ата-аналар баланың оқуына жеткілікті көңіл бөліп, қолдау көрсетіп, қосымша тапсырмалар бойынша үздіксіз түзету жұмыстарын жүргізу;
- 3) Сынып жетекшілері тікелей ата-аналармен жұмыс жасау;
- 4) 5 «А» сыныбы жетекшісі Ерланов Е.Е тиімді қарым-қатынас орнату, өзара түсінітік табудың психологиялық жолдары ұсынылды;

Оқу жылы кезеңінде 9- сынып оқушылары арасында Е.А.Климовтың мамандықтар типі классификациясы бойынша түрлі мамандықтармен сәйкестік типін анықтау зерттеу жұмысы жүргізілді. Тесттің нәтижесіне орай әрбір оқушының мамандық типі икемділігі анықталды.


Қорытынды төмендегідей болды: 9-сыныптар аралығында кәсіби бағдар беру, мамандық типін анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу нәтижесінің мониторингі. Жалпы 9-сыныптар аралығында мынадай мәлімет алынды мамандық типі бағыттары бойынша

Қатысқан оқушылардың жалпы саны: 86 оқушы


9 «А» сыныбы




9 «Ә» сыныбы



9 «Б» сыныбы



9 «В» сыныбы



11-сынып ұжымымен «ҰБТ-ға дайындық көрсеткіштерін анықтау» сауалнамасы

Нәтижесі:

1. ҰБТ – бұл: ЖОО түсуге деген мүмкіндік жауабын – 46 %, стресс жағдайы жауабын 15 % оқушы таңдады, 23 % білімді тексеру жауабын таңдады.
2. Сіз ҰБТ-ға қалай дайындық жүргізудесіз? қосымша сабақтарда пән мұғалімімен бірге жауабын -76 % оқушы, өзім дайындаламын жауабын- 27 % оқушы, 15 % оқушы дайындықсыз жүргенін айтты.
3. 5 баллдық көрсеткіш бойынша өз дайындық дәреженді бағала сұрағына: ең төмен деген пәні математика бойынша – 88 % оқушы, орташа деңгейде тарих, қаз тілі, биология бойынша – 48 % оқушы өз таңдауын жасады
4. Қай пәнге байланысты өзіңізге сенімсізсіз? сұрағына сенімсіз әрекеті бар пәндер : Қазақстан тарихы, Химия , Ағылшын , Математикалық сауаттылық
5. Қиын деген пәндерді ретімен орналастыр (5- ең қиын пән) сұрағына – әр оқушының жеке таңдауы жасалды.
6. Сіздің мектебіңізде ҰБТ-ға дайындық қалай өтуде? Сұрағы бойынша бағалау көрсеткіші орташа деңгейді атап көрсеткендер – 85 %, орташадан жоғары деп белгілеген – 15 % ды көрсетті.
7. ҰБТ жайлы ойлағанда қандай сезімде боласыз? Сұрағына тыныштық күйде жауабын – 36 % оқушы, ешқандай жауабын – 33,7 % оқушы, қобалжу жауабын – 30 % оқушы таңдады.
8. ҰБТ-ға дайындық барысында қандай қиындықтарды бастан кешірудесіз? Сұрағына Материалды есте сақтау қиындығы– 24 %, оқушы, көп уақыт қажет етеді – 15 % оқушы таңдады, 30 % оқушы ешқандай жауабын таңдады.
9. ҰБТ-ға байланысты қандай іс-шаралар өткізілуде? Бөлімінде жеке қосымша сабақтар пәнге байланысты алдын ала тексеру тесттері іс-шаралар өткізілетіндігі жайында мәлімет берді.
12. Қандай көмек алуды қалар едіңіз? сұрағына

- А) мұғалімдерден – қосымша дайындалу – 84 %оқушы
 Б) ата-аналардан – қолдау – 38 %оқушы
 В) психологтан – консультация – 39 %оқушы жауап берді.

«Сынақ сен үшін не?» тақырыбында жүргізілген сауалнама

87 % оқушылардың мамандықтар жайлы мәліметі жоғары.Әрбір мамандыққа сипаттама бере білді. 13 % оқушылардың мамандықтар жайлы мәліметі бар

Қорытынды: Жүргізілген диагностикалар нәтижесінде Қандай көмек алуды қалар едіңіз? сұрағына мұғалімдерден – қосымша дайындалу – 84 %, ата-аналардан – қолдау – 38 %,психологтан – консультация – 39 % оқушы жауап берді.

Зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар ұсыну:

- 1) Алынған нәтижелерді сынып жетекшісі мен ата-аналар назарына ұсыну;
- 2) Ата-аналар баланың оқуына жеткілікті көңіл бөліп, қолдау көрсетіп, қосымша тапсырмалар бойынша үздіксіз түзету жұмыстарын жүргізу;
- 3) Сынаққа дайындық барысында психологиялық сүйемелдеуді жалғастыру;
- 4) 11 «А» сыныбы жетекшісі Нуркина А.М тиімді қарым-қатынас орнату,өзара түсінітік табудың психологиялық жолдары ұсынылды. Оқушылармен қарым-қатынас құру барысында жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып диалог құру.

Сыныптарға келесідегідей диагностикалық зерттеулер жүргізілді.

№	Зерттеу объектісі (сынып)	Әдістеме	Зерттеуге алынған тесттің атауы
1	1 сыныптар	«Ағаш » әдістемесі	«Балалардың психоэмоционалды жағдайын анықтау
2	4 сыныптар	Мектеп мотивациясы	Мектеп мотивациясын анықтау
3	5 сыныптар	Бейімделу сауалнама	«Оқу мотивациясы» мектепке бейімделу
4	9-11 сыныптар	Жағымсыз жағдайларды жеңу жолдары	Жағымсыз жағдайларды жеңе білу қабілетін анықтау
5	Ерекше бақылауды қажет ететін балаларды зерттеу	Даму динамикасын бақылау	Ерекше бақылауды қажет ететін балалармен психологиялық көмек жұмыстары. Зерттеу бланкілері
6	5-6 сыныптар	Отбасылық әлеуметтену	Отбасылық әлеуметтену ,отбасының жайлылығын зерттеу
7	7 сыныптар	Филлипс тесті	Мазасыздануды анықтау
8	11- сыныптар	«Емтиханға дайындық» әдістемесі	ҰБТ ға дайындық

№	Зерттеу объектісі (сынып)	Әдістеме	Зерттеуге алынған тесттің атауы
1	9-сыныптар аралығында бейіналды оқытуды ұйымдастыру	«Климов » тесті	Кәсіби бағдар беру
2	11-сынып ұжымымен «ҰБТ-ға дайындық көрсеткіштерін анықтау» сауалнамасы	Емтихан туралы ойын анықтау сауалнамасы	Дайындықты анықтау
3	«Сынақ сен үшін не?» тақырыбында жүргізілген сауалнама	Сауалнама негізінде кеңес беру	«Сынақ сен үшін не?»

2.ТҮЗЕТУ-ДАМУ ТҰЖЫМАРЫ

Білім алушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу , өзін-өзі дамыту және табысты әлеуметтендіру қабілетін қалыптастыру міндеттерді орындау барысында **топтық жұмыстар. 1-сынып оқушыларына алдын алу** түзету жұмыстары жүргізілді. Бірінші сыныпқа бейімделуге көмек бере отырып, бейімделу себептерін алдын алу. Тиімді жұмыс атқару үшін әр түрлі әдіс- тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылармен тығыз қарым – қатынаста болуымыз қажет. Осы мәселелерді әрдайым сабақта, сабақтан тыс уақытта, белгілі бір мақсатта емес, әр түрлі жағдайларда қолданып отыру, атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсетеді. Сондықтан біз әр оқушыны психологиялық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне – өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыруымыз керек.

5-сынып оқушыларына жаңа оқу кезеңіне сәтті бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау. Балалардың Мен-концепциясы, нақты өзін-өзі бағалау мен төмен мектеп дербестігі арқылы тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыру. Өз – өздерін тануға , психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін , көңіл – күйін , сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу.

«Достық дегеніміз не?», «Жақсы дос қалай табуға болады?» бастауыш буын 1-сынып балаларымен кеңес беру тренингтер өтті. Аталған кездесу барысында орта және жоғары буын оқушыларымен «Сізді түсіну үшін қалай сөйлесу керек?» тақырыбында кеңестер берілді.



Сонымен қатар мұғалімдерге де ақпарат берілді. Кибербуллинг: Оқушылардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? Сандық технологиялардың дамуы себепті балаларға қатысты зорлық түрлеріне кибербуллинг немесе онлайн қорлау қосылған. Соның кесірінен жасөспірімдер ғаламтордағы белгісіз топтардың құрбанына айналыуына жол бермеу. «Баланы сабақ оқуға қызықтырудың құпиясы» бейне презентация жіберілді. Баланы кітап оқуға қалай қызықтыруға болатынын әдіс-тәсілдері ұсынылды. «Отбасындағы қарым-қатынас» (Ата-анаға психологиялық кеңес) презентация.

4-сыныптар арасында «Мен және менің сыныбым», «Мен достар шеңберіндемін» тренингтері өткізілді. 5-сынып оқушыларына жаңа оқу кезеңіне сәтті бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау. Балалардың Мен-концепциясы, нақты өзін-өзі бағалау мен төмен мектеп дербестігі арқылы тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыру.

Өз – өздерін тануға, психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл – күйін, сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу.

«Қарым-қатынас құруды үйренеміз» 5-6-7 сыныптарына тренинг. Жеке тұлғаның өзіндік қарым – қатынасын дамыту, бойына жағымды қасиет сіңіру.

3-сыныптарда **«Достық еліне саяхат»** тренингі. Қатысып отырған оқушылардың өз ойларын ашып, қарым-қатынас жасауға көмектесіп, қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.

«Шексіз қарым-қатынас» атты мұғалімдермен тренинг ұйымдастырылды. Мадақтау, қолдау қасиеттер арқылы баланың жүрегіне жол табу.

Қалалық олимпиада қатысушылары арасында «Қобалжу, мазасыздануды болдырмау» тақырыбында әрбір буын оқушыларымен «Сенімділік серігім!» тақырыбында тренинг өтті. Негативті ойлар біздің жұмысқа кірісуге және ойымызды жинақтауға кедергі келтіреді. Сіз сондай эмоцияларды сезіну барысында қалай көмектесуге болады? Олимпиада қатысушыларына кеңестер:

- Өз эмоциямызды белсендіруге болады, біреуге түсіне білетін және сезіне білетін адамдарға айту арқылы.
- Егер сен жалғыз болсан жастықты ұруға немесе су сүлгіні сығуға болады-бұл жеңілдеуге көмегін тигізеді. Көп жағдайда негативті эмоциялар иық бұлшықеттерінде, қолдың білектерінде жинақталады екен.
- Ауырсыну тамақ қуысында жасырынуы мүмкін сол себепті күтпеген жерде бір дыбыстарды айту керек.
- Өз ауырсынуларыңызды бір дөңгелек газтке мыжып салып оны кішірейтіп арықарай лақтырып жіберу.
- Басқа газеттен өзіңіздің көңіл-күйіңізді жасап шығаруға.
- Әуен ырғағымен билеу немесе өзіңіздің ұнайтын өлеңіңізді айту.
- Табиғатта тыныш жерде серуендеу.



Ата-ана, оқушылар, педагог ұжымдарымен өзара тығыз байланысқа шақыру, әрекеттесуді ұйымдастыру үшін және алдын алу үшін «Сенім-менің серігім!» атты медиация мектебі құрылды. Аталған мектепте оқушылар ұйымы негізінде әр сыныптан медиаторлар тағайындалды. Медитаторлар және мектеп психологтары бірігіп оқушылармен **«Өмірге Ия деп айт!» қалалық ақпараттық науқаны бойынша іс –шаралар өткізді: Ақпараттық науқанның мақсаты:** баланы оның денсаулығына зиян келтіретін ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға қоғамның назарын аудару. Сынып жетекшілер мен мектеп педагог-психологтері Демеуова М.С., Дүкенбаева М.Е. ата-аналар мен мектеп оқушылары үшін тақырыптық стендер жаңартып, балаларға психологиялық көмек көрсететін мекемелердің байланыс деректері бар ақпараттық парақшалар таратылды. Өмір сүру бір бақыт! Тақырыбын негізге ала отырып мектеп психологы күнделікті күнге арнайы ой ағыны ретінде жағымды пікірлер ұсынып стенд дайындады.

Өзара сабақтастықта әр түрлі мақсатты топтарға арналған (балалар және жасөспірімдер, ата-аналар және педагогикалық қызметкерлер бірлескен жұмысты жасап хабардарлығын арттыру үшін): «Интернетте қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етіледі», «Біз – Өмірді таңдаймыз!» «Ата-аналар үшін жадынама», «Балаларды бірге сақтайық!», «Сенім телефоны». «Көмекті қалай сұрау керек?», «Кімге жүгіну керек?», «Әр бала қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы», «Хабарласыңыз! Көмектесеміз!», «Балалық шақ қорғалуда» және т.б. тақырыптық кітапшаларды, жадынамаларды, ақпараттық парақшалар таратылды.


«Өмір қымбатсың маған !», «Өмір ғажап !», «Өмір тамаша !» тақырыбында 5-8 сыныптар орта буын арасында мектеп психологтары ұйымдастырған тренингтер өткізді. Өмір жолының, өз алдына қойған өмірлік мақсат-мұраттары мен жалпы адамгершілік құндылықтардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, - оқушыларды өз өмірінің мәнін түсіне білуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата отырып, өмірлік айқындамасын белгілей білуге арналған түрлі тапсырмалар, ойындар жүргізілді. Оқушылар өз өміріне, өз сөзі, ойы және әрекетіне мұқият болу қажет екендігін түсінді.

«Өмірді таңдаймын!» «Өмір сүру бір бақыт !» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен жоғары буын өкілдері арасында «Достық» ПМСП орталығы психологы Балмұқан Б.Ш бірге ұйымдастырылған тренингтер өткізілді.

Тренинг барысы



Педагогтердің белсенділігімен "Буллинг. Қалай?" тақырыбында интерактивті сабақтар оқушылармен бірлесіп өткізілді.



Қорытынды: Жүргізілген түзету тренингтері барысында балалармен дискуссия жүрді, пікір алмасу кеңес беру кезінде Жакупова Аида 11 «А», сынып оқушысы өз ойын еркін жеткізіп психологиялық білімінің тереңдігін көрсетті. Демек, біз оқушылардың психологиялық қызығушылықтарын байқап, басқа оқушылар алдында алғашқы қолдауды ұйымдастыра алады деген тұжырым жасалды.

Ұсыныс:

- 1) Эмоция, сезім, агрессивті мінез-құлықты басқару негізінде жаттығулар кешені таныстырылды және жадынама әзірленіп ұсынылды;
- 2) Медиаторлар арқылы сынып өмірі жайында өзара кеңестер, ақылдасу, мәселені шешу жолдары ашық алаңда талқыға түсіп отырды; сонымен қатар, сыныптағы психологиялық ауанды жағымды жағдайда ұстау кеңестері берілді;
- 3) Сынып жетекшілерге сынып көсбасшыларының дұрыс өз мақсат міндеттерін қоя білуге және ұйымдастыруда басшылыққа алатын негізгі стратегиялар ұсынылды т.б

«Кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсауды болдырмау бойынша әр-түрлі жұмыстар жүргізілуде. Психологиялық көмек көрсету мақсатында оқушылармен тренингтер, сынып сағаттары, дәрістер, жаттығулар үнемі жүргізіліп тұрады. Өмір ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді демекші, оқушыларымыз тренингтерге өте белсенділікпен қатысып, өмірден өз орындарын таба білуге, қуаныш сыйлау білу керектігін өз ойларын ортаға салып, бөлісті. Өзін-өзі тану – өмірді тану екендігі ұғындыру. Өмірді бағалай білуге, өмірдің құндылықтарын түсінуге көмектесу. Оқушылар арасында жағымды психологиялық қарым-қатынас орнату. «Bilim Foundation» ҚҚ бағдарламасы бойынша диагностикадан өткен оқушылар базасында «Психологиялық сүйемелдеу тобы» анықталған балалармен психологиялық жұмыс ұйымдастырылды. Жеке сұхбаттасу жүргізілді. Топтармен дағдарыс және жағымсыз жағдайлардағы мінез-құлық, өзіміздің эмоциямызды қалай басқаруға болады? тренинг, лекциялар өтті.

«Тәуекел топты» анықтау жұмысы қорытынды жасалды. Оқушының сыныбымен және де басқа да сыныптармен жасөспірімдік шақта кездесетін дағдарыстық жағдайлар және оның алдын алу туралы психологиялық іс-шаралар: оқытулар, тренинг және «Демеу» жастар орталығы психолог маманы Матаева А.Т аталған тақырыпта жоғары сынып оқушыларымен дискуссия өтті. «Проблеманы шешудің креативті әдістері» тақырыбында психологиялық кездесулер өтті.


ҰБТ-ға дайындық жұмыстары негізінде: «Емтихандағы мінез-құлық, мазасызданудың алдын алу» тақырыбында 11-сынып ұжымымен тренинг өтті.

Қорытынды: Психолог. Өзінің күшіне сенетін, өзінің жағымды әрі күшті жақтарын білетін адам ғана өзінің эмоционалды жағдайын басқара білетін адам ғана жетістікке толы болуы мүмкін. Бәріне сәттілік!

Ұсыныс:

Емтиханға бір күн қалғанда демалыңыз, салқын душ қабылдап серуендеңіз. Ұйқыңызды қандырыңыз. Сізді апаратын автобусқа ертерек келіңіз.

Емтихан-бұл стресстік ситуация, ең маңыздысы өзіңді жоғалтпау, экстремалды жағдайда өзіңді басқару.



Қорытынды: Жүргізілген түзету тренингтері барысында балалармен дискуссия жүрді, пікір алмасу кеңес беру кезінде Баймурзаева Альбина 9 «Б», сынып оқушысы өз ойын еркін жеткізіп психологиялық білімінің тереңдігін көрсетті. Демек, біз оқушылардың психологиялық қызығушылықтарын байқап, басқа оқушылар алдында алғашқы қолдауды ұйымдастыра алады деген тұжырым жасалды.

Ұсыныс:

- 1) Эмоция, сезім, агрессивті мінез-құлықты басқару негізінде жаттығулар кешені таныстырылды және жадынама әзірленіп ұсынылды;
- 2) Медиаторлар арқылы сынып өмірі жайында өзара кеңестер, ақылдасу, мәселені шешу жолдары ашық алаңда талқыға түсіп отырды; сонымен қатар, сыныптағы психологиялық ауанды жағымды жағдайда ұстау кеңестері берілді;
- 3) Сынып жетекшілерге сынып көсбасшыларының дұрыс өз мақсат міндеттерін қоя білуге және ұйымдастыруда басшылыққа алатын негізгі стратегиялар ұсынылды т.б

2. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ

«Кәмелетке толмағандар
арасындағы өзіне-өзі қол жұмсауды
болдырмау жұмыстары бойынша әр


Оқушыл
армен:

Психологиялық көмек көрсету мақсатында 7-11 сынып оқушыларымен «Көңіл күйінді көтеріп, қуана біл» тақырыбында дәрістер, жаттығулар жүргізілді. Өмір ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді демекші, оқушыларымыз тренингтерге өте белсенділікпен қатысты. Өмірден өз орындарын таба білуге, қуаның оңайдау білу керектігін өз ойларын ортаға



«Қауіпсіз интернет», «Кибербуллинг. Ол туралы не білеміз?» оқушыларға арналған. Кез-келген адамның кибербуллингке ұшырауы мүмкін екен, дегенмен онлайн қауіпсіздігін сақтау қажет. Көмек сұраудан қорықпа, бұл-әлсіздік емес мақсатында оқушыларға арналған ақпарат берілді. Кибербуллинг: Оқушылардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? (ата-аналар үшін ақпарат)

Адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсетудің алдын алу. «Бітіру емтиханжларына қалай лайындалуға болады?» тақырыбынла. «Егер сізлі ренжітсе не



сәнді», «Жаман әдеттен сақтан!», «Зиянды заттардан аулақ болайық!», Салауатты өмір салтының негіздері тақырыбы аясында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен тәрбие сағаттары өткізілді. «Азғыруға берілме ... » және «Қиындықты түзетуге болады» тақырыптарында мектеп психологтары Демеуова М.С., Дүкенбаева М.Е 5-11 сынып оқушыларымен әңгімелесулер өткізді. «Достық» ПСМП орталығының меңгерушісі терапевт дәрігері Ногаева Р.А. «Алкогольдік психоактивті заттардың адам

Ата-аналарме

ҰБТ-ға дайындық жұмыстары негізінде ата-аналармен: «ҰБТ - ға дайындыққа үйде жағдай жасау».11 сынып ата-аналарына кеңес ұсынылды. 11 сынып оқушылары ҰБТ-ні қалай тапсырамыз деп уайымдайды. Ата-аналар тарапынан да көмек қажет. Баланы қолдап, ұрыспай, жиі мадақтау қажет. Міндетті түрде оқу орнына түсетініне сендіруі керек. Оларға психологиялық көмек беріп, үнемі қолдап отыру керектігі ата-аналарға айтылды. «ВЕЙП электронды сигарет зияны», «Бала дамуындағы және тәрбиелеудегі психологиялық ерекшеліктер», «Баланы стрессті жеңуге қалай үйретуге болады?» (мектепалды даярлық тобы ата-аналары) тақырыптарында вебинар өтті. Оқушылардың қабілетін анықтау мақсатында ата-аналар жиналысында және мұғалімдерге арнап тест,әдістеме түрлері таныстырылды. «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығында «Qabilet» кәсіби бағдар беру қызметінің ұйымдастырылуымен 10-11 жастағы балалар арасында тестілеу өтті. Оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктері мен қызығушылықтары анықталды, бағыт берілді.



Жоспарда. 1. Вебинар-коучинг: «Баламен қақтығыссыз байланыс ережелері»

Сондай-ақ «Бірінші сынып оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктері» атты 1-сынып ата-аналарға вебинар өтті. Оқушылардың мектепке бейімделу диагностикасы нәтижелері таныстырылды.



Педагогтермен



Педагогтарға арналған семинар-практикум: "Мазасыз балалар және ескерту белгілері" және «Баламен қақтығыссыз байланыс ережелері» тақырыптарында вебинар өтті. Баламен қақтығыссыз байланыс ережелері таныстырылды. Оралбаева К.К тәжірибе алаңында ата-ана-мұғалім қатынасындағы қақтығыстың алдын алу бойынша жағдаяттарды шешу жолдарын өз тәжірибесімен бөлісті. Мектеп психологы Демеуова М.С., Дүкенбаева М.Е жағдаяттарды шешу барысын психологиялық шешім ретінде талқылады. Оң бағыттарын алға тартып тиімді қатынас орнату стратегияларымен таныстырылды.



Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру. Ерекше қажеттілігі бар балалардың психологиялық ерекшеліктері 16 оқушы ПМПК қабылдауынан өтті. Анықтамаға сәйкес 1 оқушы жақсы нәтижемен жалпы білім беретін сыныпқа Тілеуберді Айгерім, ал теңестіру сыныбына ПДТ ұсынысымен оқыту ұйымдастырылсын. Сәркенова Дина ауыстырылды.

ПМПК комиссиясынан өткен оқушылар. 2021 – 2022 оқу жылы Жаңа оқу жылы қарсаңында ПМПК 12 оқушы өтті. Аталған топ оқушылары арасынан теңестіру сыныбынан 1 оқушы нәтижесі ілгерілеу көрсеткендіктен жалпы білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту сыныбына ауыстырылды. Анықтамаға сәйкес түзету сыныбына 1 оқушы ауыстырылды.

Қорытынды
өзінің кәсіптік б
кезінде аңғарылы
шаралар ұйымда
байланысты псих
жұмыстары өткізілді.

Жетістігі: Мұғалім ,оқушылар,ата-ана қауімімен көптеген іс-шаралар өтті. Педагогикалық-психологиялық ағарту ісі барысында «Баламен қақтығыссыз байланыс ережелері», «ВЕЙП электронды сигарет зияны», «Бала дамуындағы және тәрбиелеудегі психологиялық ерекшеліктер», «Баланы стрессті жеңуге қалай үйретуге болады?» «ҰБТ - ға дайындыққа үйде жағдай жасау» тақырыптарында ата-аналарға бала жан дүниесін түсіну мақсатында ашықтаулар айтылды,

«Кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсауды болдырмау мақсатында оқушылармен және педагогтарға арналған семинар-практикум дар өткізілді.

Әлсіз жағы: Қарым-қатынас барысындағы өзара сыйластық, дұрыс қабылдау, жағымды әрекеттесу жағдайы оқушылар және ата-ана мен бала арасындағы ақсап тұрғаны айқындалды. Өзара проблемалық қарым-қатынасты жою, дұрыс шешім шығару адами қасиеттерді негізге алу барысында, аталған топ мүшелерінің өзара тіл табысуы, адамгершілік бағытындағы жақсы қасиеттерді сіңіру барысында алдағы оқу жылына арнайы іс-шараға деген қажеттілік туындады.

Қорытынды: Мектептегі алдын алу-ағарту ісі психологиялық қызмет жүйесіндегі аса қажетті салалардың бірі. Психолог өзінің кәсіптік білімдеріне сүйене отырып, баланаң даму деңгейі белгіленді. Түрлі психологиялық ауытқушылар дер кезінде аңғарылып, оның түзету жолдары тағайындалды. Болуы мүмкін қиындықтардың алдын алу үшін психологиялық шаралар ұйымдастырылды. Мектеп ұжымына кездесіп қалатын психологиялық мәселелерге өтініштің түсуіне байланысты психологиялық (топтық және жеке) кеңестер берілді, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары өткізілді.

1.Ұсыныстар мұғалімдерге: 12 –і бастауыш буыннан ПМПКдан алғашқы өтуі. Ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалармен арнайы педагогикалық жұмыстың міндеттері оқуға жалпы қабілеттерін дамыту және дамуындағы жеке ерекшеліктері жайында ақпарат берілді. Аталған мұғалімдерге (Конусова С, Жахина Т, Иштаева С, Айдарбекова А, Шاپихина А, Карбаева А) педагогикалық кеңес негізінде жұмысты ұйымдастыру жайында және оқу бағдарламасын құру бойынша кеңестер берілді.

2.Ұсыныс: Психологтың басқа мамандармен өзара қарым-қатынасы жүйелі түрде болғаны қажет. Психологтарға арналған біліктілікті арттыру семинарлар, лекциялар тәжірибе алмасу алаңында болу ұсынылды.

Кәмелетке толмағандарды аутодеструктивті мінез-құлық бойынша «Тәуекел топқа» іріктеп алу өлшемдері: Үнемі дағдарыстық ситуацияға жиі түсетін балалар «тәуекелге бейім топқа» жатады. Ата-аналардың маскүнемдігі, ата-аналардың махаббатының болмауы, қорлықтың себебі болуы мүмкін. Мұндай балалар өз қиындықтарын жеңе алмай, қараусыз қалуы мүмкін. Мұндай балаларға әлемге деген сенімсіздік, өзіндік бағалаудың төмен болуы, қобалжу тән. Өмір ерекшеліктеріне байланысты пайда болатын психологиялық проблемалар агрессияның мінез қалпы ретінде қалыптасуына алып келеді.

Жалпы сыныптар бойынша кәмелетке толмағандарды аутодеструктивті мінез-құлық бойынша «Тәуекел топқа» әр түрлі өлшемдер бойынша 4 оқушы шықты. Олар: Ибраева Қ – 11 «А» сыныбы, Қадырхан Ә – 11 «А» сыныбы, Есембекова Р – 4 «Г» сыныбы, Аверьянов Максим – 6 «Ж» сыныбы.

Психологиялық алдын алу жұмысы: Аталған оқушылардың үнемі көңіл-күйін бақыланып, ата-аналармен қарым-қатынасындағы қиындықтар талқыланып отырды. Жалпы оқушылардың білім алу ортасы, сыныппен тренингтер жүргізілді. Агрессияны түзету кезінде оқушылар түрлі ситуацияларда адекватты жүріс-тұрыстың моделін сезіне білді.

Сондай-ақ олар өз отбасындағы қарым-қатынас тәжірибелерін құрдастарымен арадағы қатынас кезінде де жиі пайдаланатыны талқыланып, «тәуекелге бейім топқа жататын» балалардың басқа балаларды ренжітуіне жол бермеуге арналған профилактикалық жұмыстар өз нәтижесін көрсетті. Жұмыс кезінде балалардың өздерін рефлексиялауына үйретіп, өз өмірлеріне өздерінің әсер ете алуына жағдай жасалды. Пайда болған мәселелерді дер кезінде шешу керектігі айтылды.

Оқушыларға және мұғалімдерге ұсыныс: Иштаева С, Нуркина А мектепішілік бақылау жоспары таныстырылып сынып жетекшісіне оқушылармен тиімді қатынас құру, сыныпта психологиялық жайлы ауан орнату жөнінде кеңестер ұсынылды.

- 1) Эмоция, сезім, агрессивті мінез-құлықты басқару негізінде жаттығулар кешені таныстырылды және жадынама әзірленіп ұсынылды;
- 2) Сынып өмірі жайында өзара кеңестер, ақылдасу, мәселені шешу жолдары ашық алаңда талқыға түсіп отырды; сонымен қатар, сыныптағы психологиялық ауанды жағымды жағдайда ұстау кеңестері берілді;

«Суицид сақшылары» жадынамалары таратылды және міндеттер, сақшының аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу барысындағы ролі түсіндірілді.


Қорытынды: Мектептегі психологиялық қызмет халық ағарту жүйесіндегі аса қажетті салалардың бірі. Психолог өзінің кәсіптік білімдеріне сүйене отырып, баланаң даму деңгейі белгіленді. Түрлі психологиялық ауытқушылар дер кезінде аңғарылып, оның түзету жолдары тағайындалды. Болуы мүмкін қиындықтардың алдын алу үшін психологиялық шаралар ұйымдастырылды. Мектеп ұжымына кездесіп қалатын психологиялық мәселелерге өтініштің түсуіне байланысты психологиялық (топтық және жеке) кеңестер берілді, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары өткізілді.

1. Ұсыныстар мұғалімдерге: Мектепішілік бақылау жоспары таныстырылып сынып жетекшісіне оқушылармен тиімді қатынас құру, сыныпта психологиялық жайлы ауан орнату жөнінде кеңестер ұсынылды. Аталған мұғалімдерге (Иштаева С, Нуркина А, Актасова Ж, Калдарбекова А) .


4. ПСИХОПРОФИЛАКТИКА

Психология апталығының іс-шаралары мақсаты: балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту, психологиялық әр бала мен мектеп мұғалімдерінің жеке өсуіне және өзін-өзі танытуына ықпал ететін мәдениет. Сауалнама: "Бүгін мектепке қандай көңіл-күймен келдің (кеттің) сұрағымен балалардан мектеп медиаторлары сұхбат алды. "Ізшілер" атты психологиялық ойындар ойнатылды. "Сынып портреті" ұжымдық суреттер немесе шығармалар байқауында 6 «Ж», 6 «Б» сыныптары 1-дәрежелі және 7 «Е» сынып ұжымы 2-дәрежелі дипломдармен марапатталды. «Менің көңіл-күйім»

жаттығуы 8-сыныптар арасында жүргізілді. "Бақыт дегеніміз – бұл..." тақырыбында мектеп медиаторлары оқушылар және педагогтар ұжымынан пікірлер жинады. "Психология апталығының ізімен" презентациясын жасалды, "Психология ғажайып ғылым" суреттер көрмесіне белсенді қатысқаны үшін біршама оқушылар қорытынды ретінде белсенді қатысушылар мадақтамамен марапатталды. Жоғары сыныптар арасында "ВЕЙП-денсаулыққа әсері" тақырыбында лекция өтті. Оқушылармен сұхбаттасу арқылы адам ағзасының аталған электронды темекіге қалай әсер ететіндігі талқыланды. Кеңестер ұсынылды: зиянды әдеттерге айналдырмау, досыңа көмек қолын созу және салауатты өмір салтын ұстану.



«Емтихан кезіндегі мінез-құлық» презентация әзірленіп, оқушыларға арналған жадынама ұсынылды. Интернет-ресурс сізге өзіңіздің талғамыңызға қарай білім көздерін таңдауға мүмкіндік береді. Тұлғалық қасиеттерді дамытып, дербестікке, жауапкершілікке, ұстамдылыққа, өзін-өзі бақылауға, адалдыққа баулиды. Психологиялық «Бәрі өз қолыңда!» тақырыбында балалармен тренинг өткізілді. Жағымсыз жағдайларды жеңу жолдары амалтея психодиагностикасы жүргізілді ,аталған қолдауды қажет етуші топпен ұжымдық қобалжу және оның жауапты сәттегі ролі тақыыбында дискуссия өтті.



Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде 9-сыныптарға колледждардың оқуға түсу жадынамалары WhatsApp желісі арқылы таратылды. «Түрлі-түсті терапиясы» позитивті жағымды көңіл-күй сыйлау мақсатында презентацияны 5-11 сыныптарға WhatsApp желісі арқылы таратылды. «Мектеп оқушыларының қашықтан оқыту мотивациясын қалыптастыру және дамыту бойынша» Ата-аналарға кеңестер әзірленді.

Ата-аналарға сабырлыққа, сабақ барысында өз балаларыңызға қолдау көрсетуге, шыдамдылық танытуына, көмек қолын созуына, психологиялық кеңес берілді.

Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы өкілдері, соның ішінде медиатор қызметін жандандыру мақсатында «Сенім - менің серігім» медиация клубы қызметі аясында мектепте әрбір сынып лидерлері және мектеп бас президенті Нұран Назеркенің қатысуымен кездесу өтті. Оқу жылы барысында өз қызметтерін ұйымдастыру барысында туындайтын мәселелермен жұмыс жүргізу мақсатында кеңесу алаңы ұйымдастырылды. Мектеп модераторлары сыныптағы оң және теріс жағдайларды айтып алға тартты, лидер ретінде сынып президенті қандай әрекеттер орындайды талқыланды. Өзара әрекеттесу мақсатында сенімділік, аяқталмаған сөйлем, сөйлеу мәнері рационалды ой жаттығулары орындалды. Кездесу жас ерекшелігіне сәйкес орта, жоғары буын және бастауыш сынып оқушыларымен өткізілді.



Мектеп педагогикалық кеңесінде «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында оқушылардың іс-әрекетінде байқалатын белгілер жайында таныстырылды. Тәуекел топ өлшемдері бойынша сынып жетекшілерден ақпараттар жүйеленіп, оқушылар арасындағы психологиялық қолдау тобы, қиын жағдайда қолдауды қажет етуші топ балалары анықталғаны айтылды. Психологиялық қолдауды қажет етуші балалар ерекшеліктері жайында мектеп қабырғасында «Сенім менің серігім» медиация клубы қызметі басталғаны мектеп психологтары сөз етті. Медиаторлар бастаған іс-шара сынып көсбасшыларын жұмылдыру арқылы қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алу қызметін атқаратынын сөз болды. Медиация негізінде ата-аналармен және мұғалім-оқушы қатынасындағы шиеленістерді шешу жұмыстары атқарылатыны, сұраныс жасауға болатыны айтылды. Психологиялық қолдау тобы оқушыларымен жеке жоспар негізінде жұмыс жүргізілетіні айтылды. Педагогтерге «Баланың мінез-құлқы туралы ата-аналармен қалай сөйлесуге болады?!» тақырыбында жадынама әзірленіп өзара ынтымақтастықты арттыру мақсатында әрекет стратегиялары ұсынылды. «Суицид сақшылары» жадынамалары таратылды және міндеттер, сақшының аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу барысындағы ролі түсіндірілді.

Қорытынды: Мектептегі психологиялық қызмет халық ағарту жүйесіндегі аса қажетті салалардың бірі. Психолог өзінің кәсіптік білімдеріне сүйене отырып, баланың даму деңгейі белгіленді. Түрлі психологиялық ауытқушылар дер кезінде аңғарылып, оның түзету жолдары тағайындалды. Болуы мүмкін қиындықтардың алдын алу үшін психологиялық

шаралар ұйымдастырылды. Мектеп ұжымына кездесіп қалатын психологиялық мәселелерге өтініштің түсуіне байланысты психологиялық (топтық және жеке) кеңестер берілді, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары өткізілді.

1.Ұсыныстар мұғалімдерге: 12 –і бастауыш буыннан ПМПКдан алғашқы өтуі. Ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалармен арнайы педагогикалық жұмыстың міндеттері оқуға жалпы қабілеттерін дамыту және дамуындағы жеке ерекшеліктері жайында ақпарат берілді. Аталған мұғалімдерге (Конусова С, Жахина Т, Иштаева С, Айдарбекова А, Шاپихина А, Карбаева А) педагогикалық кеңес негізінде жұмысты ұйымдастыру жайында және оқу бағдарламасын құру бойынша кеңестер берілді.

5.ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ КЕҢЕС БЕРУ БАҒЫТЫ

Әрбір адамды психофизиологиялық тұрғыдан зерттеу оның психикалық және ақыл-ой сапаларын, болашақ мамандықтарына бейімділігін анықтап беруге және олардың жекелеген бөліктерін жетілдіру мақсатында ұсыныс-кеңестемелер беру ісі жүзеге асырылатын бағыттың бірі –КЕҢЕС БЕРУ.

Барлық кеңес алушылар	Оқу бағдарламасы	Отбасылық мәселелер	Құрдастарымен қарым-қатынасындағы мәселелер	Мінез-құлықтық мәселелер	Зиянды әдеттер Отбасынд жағдайлар	Басқа себептер
Оқушылар	13	14	20	13	8	34
Ұл балалар	4	2	8	1		7
Қыз балалар	9	12	12	2	2	19
Педагогтар		4	1	4	2	7
Ата-аналар	14	10		4	2	23
Қорытынды	40	42	39	24	14	87

Қорытынды: Жеке тұлғаны психофизиологиялық тұрғыдан зерттеу оның психикалық және ақыл-ой сапаларын, болашақ мамандықтарына бейімділігін анықтап беруге және олардың жекелеген бөліктерін жетілдіру туралы ұсыныс-кеңестемелер беру үшін жүзеге асырылу жұмыстары жүргізілді. Жекелей немесе көзбе-көз әңгімелесу – психофизиологиялық зерттеулердің соңғы кезеңі болып табылады. Зерттелушінің типологиялық және мінездемелік ерекшеліктерін бағалаудың және сараптау мен талдаудың қосымша бір тәсілі болып табылады, сонымен қатар толтырылған бланктер, сауалнамалар, сынақтар бойынша зерттеулер нәтижесінде алынған мәліметтерді нақтылауға, айқындауға көмектеседі. Тұлғаның негізгі, басты-басты жеке сапалары мен типологиялық ерекшеліктері сипатталған қысқаша тұжырым шығарылып, оның жалпы тұлғалық мінез-құлық және ақыл-ой ерекшеліктері туралы арнайы

қорытынды жасалды. Педагогтер арасында: Ерланов Е.Е, Шاپихина А.Х, Алпысбаева А.С, Нуркина А.М, Баяхмет А.А, Нысанбаева С.Ж, Бухарбаева Г.А.

Ата-аналар: Бейсетаева А.А, Головлев А, Абдулькасимов Д.М, Скосырская М. Ибраева Ж.Т, Ергалиева Г, Нургожина А, Актасова Ж, Калдарбекова А, Зайтова А, Жапбасова А, Қурманбекова Д жеке сұраныстар негізінде сұхбаттасу жүргізілді. т.б жеке сұраныстар негізінде сұхбаттасу жүргізілді.

Жоспарланған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Сонымен қатар сұраныс бойынша ата-аналармен және мұғалімдермен кездесулер ұйымдастырылып тұрады. ата-ана жеке қабылдауымда болса, оқушы әр-түрлі сұрақтарымен жолығып кеңес алды.

Жүргізілген диагностикалар нәтижесінде 1 «В» сыныбы ұжымында қолдауды қажет етуші 4 оқушы анықталды. 5-сыныптардағы зерттеулер негізінде бейімделу барысында қолдауды қажет етуші топтар анықталып, түзету-дамыту тренингтері ұйымдастырылды. Зерттеу қатарында социометрия әдісі жүргізіліп, сыныпта 1 оқушы Бекұлы Жанерке оқшауланған типте анықталды. 11-сынып оқушыларына жоспар негізінде кәсіби бағдар бағыттарына таңдау жасалып, түсіндірме жүргізілді. Амалтея диагностикалық кешені бойынша оқушылар зерттеуден өтті.

Жүргізілген түзету тренингтері барысында балалармен дискуссия жүрді, пікір алмасу кеңес беру кезінде Баймурзаева Альбина 9 «Б», сынып оқушысы өз ойын еркін жеткізіп психологиялық білімінің тереңдігін көрсетті. Демек, біз оқушылардың психологиялық қызығушылықтарын байқап, басқа оқушылар алдында алғашқы қолдауды ұйымдастыра алады деген тұжырым жасалды.

Мектептегі психологиялық қызмет халық ағарту жүйесіндегі аса қажетті салалардың бірі. Психолог өзінің кәсіптік білімдеріне сүйене отырып, баланаң даму деңгейі белгіленді. Түрлі психологиялық ауытқушылар дер кезінде аңғарылып, оның түзету жолдары тағайындалды. Болуы мүмкін қиындықтардың алдын алу үшін психологиялық шаралар ұйымдастырылды. Мектеп ұжымына кездесіп қалатын психологиялық мәселелерге өтініштің түсуіне байланысты психологиялық (топтық және жеке) кеңестер берілді, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары өткізілді.

Мектеп директоры:

Рахимберлина Д.А

Мәліметті дайындаған мектеп
психологтары: Демеуова М.С., Дүкенбаева М.Е

Психологтың 2021-2022 оқу жылындағы SWOT талдауы	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Сыныптар бойынша диагностика жүйесі. 2. Оқушылардың бірге жұмыс жасауға деген құлшынысы. 3. Ата-аналармен ағарту жұмысы 4. Жадынама, бейнематериалмен жеткізу 5. Амалтея диагностикалық кешені 6. «Сенім менің серігім» атты медиация клубы қызметі 7. Ата-аналарға сұраныстар негізінде: Бейсетаева А.А, Головлев А, Абдулькасимов Д.М, Скосырская М. Ибраева Ж.Т, Ергалиева Г, Нургожина А, Актасова Ж, Калдарбекова А, Зайтова А, Жапбасова А, Құрманбекова Д жеке сұраныстар негізінде сұхбаттасу жүргізілді. т.б 8. Мұғалім ,оқушылар,ата-ана қауімімен көптеген іс-шаралар өтті. Педагогикалық-психологиялық ағарту ісі барысында арасындағы өзіне-өзі қол жұмсауды болдырмау мақсатында оқушылармен түзету шаралары,ата-ана мен педагогтарға арналған семинар-практикум дар өткізілді.	1. Мотивация төмендігі 2. Инклюзивті білім беру ,сүйемелдеу 3. «Амалтея» диагностикалық кешені жүргізу. Локалды байланыс арқылы оқушыларды топпен диагностикалау 4. Қарым-қатынас барысындағы өзара сыйластық, дұрыс қабылдау,жағымды әрекеттесу жағдайы оқушылар және ата-ана мен бала арасындағы ақсап тұрғаны айқындалды.
Мүмкіндіктер жолдары	Қауіп – қатер
1. Өзін-өзі дамыту, ақпарттармен қамдану 2. Кеңестер: Қиын бала , тиімді жандасу 3. Инклюзивті білім беру топтары , консилиум ұйымдастыру. Балаларға жағдай ұйымдастыру 4. Мектеп бас президенті Нұран Назеркенің басшылығымен топ басшылары және медиаторлармен тығыз байланыста жұмыс. Н.Назеркеге ұсыныс: топ басшыларының мақсат міндеттерін жаңа бағытта айқындау 5. Мектепшілік психологиялық сүйемелдеу тобы оқушылары жүйеленіп бақылауға алынды (Иштаева С, Нуркина А) педагогикалық кеңес негізінде жұмысты ұйымдастыру жайында және оқу жеке жоспар негізінде кеңестер берілді.	1.Жағдайы жоқ отбасы, асоциалды отбасыларды бақылау. Отбасыдағы қарым-қатынас сипаты 2.Әлеуметтік желілерді шектен тыс пайдалану себебінен және де үйде ата -ананың қадағаланбауы. 3.Оқушылардың жеке бас проблемаларымен бөліспеуі, ашылып айтпауы. 4.Оқушылар арасында денсаулыққа зиянды нәрселерге әуестенуі. 5. Қатысушылар арасындағы өзара проблемалық қарым-қатынасты жою, дұрыс шешім шығару адами қасиеттерді негізге алу барысында, аталған топ мүшелерінің өзара тіл табысуы,адамгершілік

6. Ерекше қажеттілігі бар балалар анықталып (Конусова С, Жахина Т, Иштаева С, Айдарбекова А, Шاپихина А, Карбаева А) педагогикалық кеңес негізінде жұмысты ұйымдастыру жайында және оқу бағдарламасын құру бойынша кеңестер берілді.	бағытындағы жақсы қасиеттерді сіңіру барысында алдағы оқу жылына арнайы іс-шараға деген қажеттілік туындады.
---	---

2021-2022 оқу жылындағы орын алған кемшіліктерді талқылай отырып, келесі 2022-2023 оқу жылына мынадай **басымдық шықты:**

Білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған қарым-қатынас барысындағы өзара сыйластық, дұрыс қабылдау, жағымды әрекеттесу жағдайы оқушылар және ата-ана мен бала арасындағы құндылықтарды жандандыру.

SMART- МАҚСАТ қойдық:

- S- Білім алушыларды әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру; Білім алушыларды табысты оқыту;
- M- әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған қарым-қатынас ерекшеліктерін оқушылардың бойына сіңіру;
- А- қарым-қатынас барысындағы өзара сыйластық, дұрыс қабылдау, жағымды әрекеттесу жағдайы оқушылар және ата-ана мен бала арасындағы құндылықтарды коучинг, ата-аналар жиналыстарында, семинарларда, ашық алаңда жандандыру;
- R – Білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру;
- T- Оқу жылы бастапқы кезеңі және жыл соңындағы салыстырмалы психодиагностикалық анализ негізінде;

2022-2023 оқу жылына мынадай міндеттер қойылды:

- Эмоция, сезім, агрессивті мінез-құлықты басқару, алдын алу кешені негізінде оқушылардың проблемалық қарым-қатынасты шешу, жағымсыздықтарды жеңу жолдарына бағыттау;

- Қарым-қатынас барысындағы өзара сыйластық, дұрыс қабылдау, жағымды әрекеттесу жағдайы оқушылар және ата-ана мен бала арасындағы ақсап тұрғаны айқындалды.
- Медиаторлар арқылы сынып өмірі жайында өзара кеңестер, ақылдасу, мәселені шешу жолдары ашық алаңда талқыға түсіп отырды; сонымен қатар, сыныптағы психологиялық ауанды жағымды жағдайда ұстау кеңестері берілді;
- Сынып жетекшілерге сынып көсбасшыларының дұрыс өз мақсат міндеттерін қоя білуге және ұйымдастыруда басшылыққа алатын негізгі стратегиялармен жұмыс істеу;
- Сынып жетекшілері: Жахина Т.Б., Шапихина А.Х, Шакенова А.Б., Нуркина А.М., Ахметова Б.А., Ибраева Н.К., Сырманова Г.Т., Калдарбекова А.М. тығыз қарым-қатынас орнатып, тікелей ата-аналармен жұмыс жасауына сүйемелдеу;
- 5 «А» сыныбы жетекшісі Ерланов Е.Е тиімді қарым-қатынас орнату, өзара түсінітік табудың психологиялық жолдары ұсынылды;
- 12 –і бастауыш буыннан ПМПКдан алғашқы өтуі. Ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалармен арнайы педагогикалық жұмыстың міндеттері оқуға жалпы қабілеттерін дамыту және дамуындағы жеке ерекшеліктері жайында ақпарат беру; Аталған мұғалімдерге (Конусова С, Жахина Т, Иштаева С, Айдарбекова А, Шапихина А, Карбаева А) педагогикалық кеңес негізінде жұмысты ұйымдастыру жайында және оқу бағдарламасын құру бойынша кеңестер берілді.
- Психологтың басқа мамандармен өзара қарым-қатынасы жүйелі түрде болғаны қажет. Психологтарға арналған біліктілікті арттыру семинарлар, лекциялар тәжірибе алмасу алаңында болу ұйымдастыру;
- Мектептің психологиялық қызметінің жемісті қызметіне мектептің барлық педагогикалық құрамымен жүйелі жұмысты ұйымдастыру;
- Білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- Психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;
- Мектепте оқушылардың қолайлы психологиялық ахуалы үшін жағдай жасау т.б